

Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 117 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 500 бұйрығын қараңыз.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау қағидасы бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар талаптарының орындалуын сақтау мониторингін және оны бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы № 863-1 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 36, 406-құжат) ;

2) «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 454 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж . , № 34 , 273 - құ ж а т) .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау қағидасы 1. Жалпы ережелер

1. Осы Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңына (бұдан әрі – Жер қойнауы туралы заң) сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар (бұдан әрі – келісімшарттар) талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау тәртібін белгілейді.

2. Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына бақылауды қамтамасыз ету мақсатында жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттар бойынша міндеттемелерін іске асыру барысы туралы ақпаратты жинау мен қорыту жөніндегі қызметті қамтиды.

3. Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуын бақылау жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттар талаптарын орындауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті қамтиды.

4. Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылауды құзыретті органдар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Жер қойнауы туралы заңға сәйкес келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру кезінде мыналар құзыретті органдар болып табылады:

көмірсутек пайдалы қазбаларын барлауға, өндіруге және бірлесіп барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар бойынша – мұнай және газ саласындағы уәкілетті орган;

қатты пайдалы қазбалар мен жерасты суларын барлауға, өндіруге және бірлесіп барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар бойынша — индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Мониторинг және бақылау:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарттардың (шарттардың) талаптарын орындауы бойынша – жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті о р г а н ;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындауы бойынша – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 108 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу тәртібі

7. Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу жер қойнауын пайдаланушылар есептілік нысанында ұсынатын бастапқы ақпарат , жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде келісімшарттар мен заңнама талаптарының орындалуы бойынша жазбаша түсініктемелер, сондай-ақ Жер қойнауы туралы заңға сәйкес мониторингке қатысушы және (немесе) заңнамалық актілерге сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың деректері негізінде жүзеге асырылады.

8. Қатты пайдалы қазбаларды барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмейтін мерзімде келісімшарт талаптарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есепті жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға, сондай-ақ « Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ҚР ЖП ББМЖ ИАЖ) экрандық нысанын толтыру және ақпаратты ұсынуға жауапты жер қойнауын пайдаланушының лауазымды тұлғасының электрондық цифрлық

қолтаңбасын қою арқылы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға береді.

Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмейтін мерзімде келісімшарт талаптарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есепті береді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Көмірсутек пайдалы қазбаларын барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар мұнай және газ саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмейтін мерзімде келісімшарт талаптарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есепті ҚР ЖП ББМЖ ИАЖ экрандық нысанын толтыру және ақпаратты ұсынуға жауапты жер қойнауын пайдаланушының лауазымды тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбаға қол қоюы арқылы береді.

10. Жерасты суларын, емдік балшықты барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмейтін мерзімде келісімшарт талаптарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есепті жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға, сондай-ақ ҚР ЖП ББМЖ ИАЖ экрандық нысанын толтыру және ақпаратты ұсынуға жауапты жер қойнауын пайдаланушының лауазымды тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасын қою арқылы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органға осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмейтін мерзімде келісімшарт талаптарының орындалуы туралы тоқсан сайынғы есепті береді.

12. Жер қойнауын пайдаланушылар осы Қағиданың 8, 10, 11-тармақтарына сәйкес ұсынатын келісімшарт талаптарының орындалуы туралы есептердің негізінде жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган

жиынтық есептерді дайындайды, олар келісімшарттар талаптарының орындалуы туралы есептерді ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін екі айдың ішінде индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жіберіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторингті жүзеге асыру мақсатында мониторингке қатысатын және (немесе) заңнамалық актілерге сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар құзыретті органдар орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, шығаратын ақпаратпен алмасу туралы бұйрықтардың негізінде құзыретті органдарға мониторингтің және (немесе) бақылаудың нәтижелері туралы деректер береді.

Мониторинг және (немесе) бақылау нәтижелері туралы ақпаратты мына мемлекеттік органдар ұсынады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялау мен жоюға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бөлігінде;

2) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган - кадрлардағы жергілікті қамту бойынша, сондай-ақ қазақстандық кадрлардың еңбек жағдайлары мен еңбекақы төлеуді кемсітпеушілік негізінде қамтамасыз ету бойынша;

3) білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган – қазақстандық мамандарды оқыту бөлігінде;

4) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары — тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі және кадрлардағы жергілікті қамту мен аумақтарды әлеуметтік дамыту бөлігінде, оның ішінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі арқылы;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы бөлігінде;

б) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган – денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуы бөлігінде;

7) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы салық заңнамасының сақталуы бөлігінде;

8) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының сақталуы бөлігінде.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Мониторингтің барлық деректерін, оның ішінде басқа мемлекеттік органдардан түсетін деректерді құзыретті органдар ҚР ЖП ББМЖ ИАЖ-ға енгізеді.

3. Келісімшарт талаптарын орындаудың сақталуын бақылау

15. Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуын бақылауды (бұдан әрі – бақылау) өз құзыреті шегінде құзыретті органдар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

16. Бақылау барысында құзыретті органдар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мониторинг деректерін талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттардың талаптарын сақтауы бойынша оларға тексеру жүргізеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Егер бақылау барысында жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт талаптарын орындамау фактісі анықталған жағдайда, құзыретті органдар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мұндай жер қойнауын пайдаланушыға қатысты заңдарға және келісімшарт ережелеріне сәйкес шаралар қолданады. Құзыретті органдар осы Қағиданың 13-тармағына сәйкес ақпарат ұсынған тиісті мемлекеттік органдарды қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

Келісімшарттар талаптарын
орындаудың сақталуына мониторинг
жүргізу мен бақылау қағидасына
1-қосымша
Ұсынушы _____

Атауы, мекен жайы, телефоны, электрондық поштасы

СТН _____

Сәйкестендіру нөмірі (БСН, ЖСН) _____

№ 1-ЛКТ НЫСАНЫ

**Лицензиялық/келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп
(қатты немесе кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және (немесе)
өндіру)**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі).**

20__ ж. _____

Есеп беру объектісінің коды				
Лицензия/келісімшарт нөмірі/берілген/жасалған күні				
Қосымша келісімдер – нөмірі/тіркелген күні				
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі				
Жер қойнауын пайдаланушы-кәсіпорынның меншік нысаны				
Инвестор(лар)/ел(дер)				
Іскерлік қатысуы (акцияларының %)				
Келісімшарт аумағы/кенорны, көлемі және с.с.				
Лицензия/Келісімшарттың қолданылу мерзімі				
Қазақстан Республикасы бойынша есепті кезеңдегі орташа бағам 1 \$ = _____ теңге				
Баптардың атауы	жолдың шифры	өлшем бірлігі	келісімшарт талабы	жыл басынан бергі нақты істелгені
А	Б	В	1	2
Қаржылық міндеттемелер (ҚМ)	500	мың теңге		
Инвестициялар, барлығы	501	мың теңге		

оның ішінде тікелей шетелдік инвестициялар	502	мың теңге		
күрделі шығындар, барлығы	503	мың теңге		
оның ішінде: ғимараттар, құрылыстар,	504	мың теңге		
жайластыру, машиналарды қайта құру	505	мың теңге		
құрал-жабдықтар	506	мың теңге		
көлік құралдары	507	мың теңге		
тазарту құрылғыларына/қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар, барлығы	508	мың теңге		
Геологиялық барлау шығындары, барлығы	509	мың теңге		
оның ішінде: іздеу маршруттары	100	мың теңге		
		қ у м а км		
геологиялық түсіру жұмыстары	101	мың теңге		
		ш а р ш ы км		
топографиялық жұмыстар	102	мың теңге		
		қ у м а км		
литогеохимиялық жұмыстар	103	мың теңге		
		сынамалар		
тау-кен жұмыстары	104	мың теңге		
		текше м		
бұрғылау жұмыстары	105	мың теңге		
		м		
		ұңғыма		
геофизикалық жұмыстар, барлығы	106	мың теңге		
оның ішінде: электрбарлау	107	мың теңге		
		қ у м а км		
		шаршы км		
гравитарлау	108	мың теңге		
		шаршы км		
магнитбарлау	109	мың теңге		
		шаршы км		
сейсмикалық барлау	110	мың теңге		

		к у м а км		
ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер және ұңғымалық геофизика	111	мың теңге		
		м		
геофизикалық деректерді өңдеу	112	мың теңге		
гидрогеологиялық жұмыстар	113	мың теңге		
		бр/см		
инженерлік-геологиялық жұмыстар	114	мың теңге		
		бр/см		
лабораториялық және технологиялық зерттеулер	115	мың теңге		
басқа да барлау жұмыстары	116	мың теңге		
өндіруге/өндеуге жұмсалатын шығындар, барлығы	510	мың теңге		
тау-кен-дайындық жұмыстары	117	к у м а м		
		мың текше м		
күрделі тау-кен жұмыстары	118	к у м а м		
		мың текше м		
кесу жұмыстары	119	к у м а м		
		мың текше м		
пайдалану-барлау жұмыстары	120	к у м а м		
		мың текше м		
сынақтан өткізу	121	сынамалар		
басқа да өндіру/өндеу жұмыстары	122	мың теңге		
өндіру көлемі (тауар кенінің)	511	мың тонна		
		мың текше м		
Металдар бойынша өндіру көлемі	123	кг		
өндірілген кендегі металдар құрамы	124	%		
мардымсыздану	125	%		
ысырап	126	%		
аршылым	127	мың текше м		
өткізу көлемі	512	мың теңге		

		мың тонна		
		мың текше м		
		кг		
оның ішінде экспортқа	513	мың теңге		
		мың тонна		
		мың текше м		
		кг		
технологияларды сатып алу	514	мың теңге		
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту	515	мың теңге		
жер қойнауын жағдайының (ласталуының) мониторингі	516	мың теңге		
сақтандыру, барлығы	517	мың теңге		
оның ішінде экологиялық сақтандыру	518	мың теңге		
тарату қоры	519	мың теңге		
қазақстандық мамандарды оқыту	520	мың теңге		
оның ішінде құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту	521	мың теңге		
ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар	522	мың теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	523	мың теңге		
аумақтарды қайтару	524	%		
персоналдың саны	525	Адам		
жанама шығыстар, барлығы	526	мың теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	527	мың теңге		
салықтар мен төлемдер, барлығы	528	мың теңге		
оның ішінде: корпоративтік табыс салығы	529	мың теңге		
қосымша құн салығы	530	мың теңге		
бонустар	531	мың теңге		
оның ішінде: қол қойылатын	532	мың теңге		
коммерциялық табылым	533	мың теңге		
пайдалы қазбаларды өндіру салығы	534	мың теңге		
		мың тонна		

бұрын жасалған өнімді бөлу туралы келісімдердегі (келісімшарттардағы) Қазақстан Республикасының үлесі	535	мың теңге		
		кг		
		мың тонна		
үстеме пайдаға салынатын салық	536	мың теңге		
әлеуметтік салық	537	мың теңге		
көлік құралдарына салынатын салық	538	мың теңге		
кедендік төлемдер	539	мың теңге		
қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер	540	мың теңге		
тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер	541	мың теңге		
оның ішінде геологиялық ақпаратты сатып алғаны үшін	542	мың теңге		
жерді, жер қойнауы учаскесін жалға алу	543	мың теңге		
		га		
басқа салықтар мен төлемдер	544	мың теңге		
айыппұл мен өсімпұлдар, барлығы	545	мың теңге		
оның ішінде, салықтық сипаттағы төлемдер	546	мың теңге		
салықтық емес сипаттағы төлемдер	547	мың теңге		
келісімшарттық талаптарды орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін	548	мың теңге		

Жер қойнауын пайдаланушы - басшы _____

Орын. _____ тел. _____

Қаржы-экономикалық қызметтің басшысы _____

күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Келісімшарттар талаптарын
орындаудың сақталуына мониторинг
жүргізу мен бақылау қағидасына

2-қосымша

Ұсынушы _____

—

Атауы, мекен жайы, телефоны, электрондық поштасы

СТН _____

Сәйкестендіру нөмірі (БСН, ЖСН) _____

№ 2-ЛКТ НЫСАНЫ

Лицензиялық/келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп (көмірсутек шикізатын барлау және (немесе) өндіру)

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20 ____ ж. _____

Есеп беру объектісінің коды				
Лицензия/келісімшарт нөмірі/берілген/жасалған күні				
Қосымша келісімдер/ӨБК - нөмірі/тіркелген күні				
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі				
Жер қойнауын пайдаланушы-кәсіпорынның меншік нысаны				
Инвестор(лар)/ел(дер)				
Іскерлік қатысуы (акцияларының %)				
Келісімшарт аумағы/кенорны, көлемі және с.с.				
Лицензия/Келісімшарттың қолданылу мерзімі				
Қазақстан Республикасы бойынша есепті кезеңдегі орташа бағам 1 \$ = ____ теңге				
Баптардың атауы	жолдың шифры	өлшем бірлігі	келісімшарт талабы	жыл басынан бергі нақты істелген жұмыс
А	Б	В	1	2
Қаржылық міндеттемелер (ҚМ)	500	млн. теңге		
Инвестициялар, барлығы	501	млн. теңге		
оның ішінде тікелей шетелдік инвестициялар	502	млн. теңге		
күрделі шығындар, барлығы	503	млн. теңге		
оның ішінде: ғимараттар, құрылыстар,	504	млн. теңге		
жайластыру, машиналарды қайта құру, машиналар, жабдықтар	505	млн. теңге		
506	млн. теңге			
көлік құралдары	507	млн. теңге		
тазарту құрылғыларына/қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар, барлығы	508	млн. теңге		

Геологиялық барлау шығындары, барлығы	509	млн. теңге		
геофизикалық жұмыстар, жиыны:	200	млн. теңге		
оның ішінде сейсмикалық барлау	201	млн. теңге		
(2 D және/немесе 3 D)		қ у м а км		
		шаршы км		
сейсмикалық барлау деректерін өңдеу және өзінше пайымдау	202	млн. теңге		
		қ у м а км		
		шаршы км		
сейсмикалық барлау деректерін қайта өңдеу және өзінше пайымдау	203	млн. теңге		
		қ у м а км		
		шаршы км		
гравитарлау және геофизикалық зерттеулердің басқа түрлері	204	млн. теңге		
		нүкте		
бұрғылау жұмыстары	205	млн. теңге		
		қ у м а км		
		шаршы км		
сынамалау және объектілерді сынау	206	млн. теңге		
		объект		
гидрогеологиялық	207	млн. теңге		
		бр/см		
инженерлік-геологиялық	208	млн. теңге		
		бр/см		
басқа да геологиялық барлау жұмыстары	209	млн. теңге		
өндіру шығындары, барлығы	510	млн. теңге		
оның ішінде эксплуатациялық бұрғылау	210	млн. теңге		
		қ у м а м		
		ұңғыма		
басқа да өндіру шығындары (консервациядан алу, ұңғымаларды жөндеу)	211	млн. теңге		
өндіру көлемі: мұнай	511	м ы ң тонна		

газ		млн. текше м		
оның ішінде ілеспе газ		млн. текше м		
конденсат		мың тонна		
жойылған мұнай қоймаларының көлемі	212	шаршы м		
кәдеге жаратылған газдың көлемі	213	мың текше м		
жағылған газдың көлемі	214	мың текше м		
қойнауқатқа айдау: су	215	мың текше м		
газ		мың текше м		
Өткізу көлемі: мұнай	512	млн. теңге		
		мың тонна		
газ		млн. теңге		
		млн. текше м		
конденсат		млн. теңге		
		мың тонна		
оның ішінде экспортқа: мұнай	513	млн. теңге		
		мың тонна		
газ		млн. теңге		
		млн. текше м		
конденсат		млн. теңге		
		мың тонна		
технологияларды сатып алу	514	млн. теңге		
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту	515	млн. теңге		
жер қойнауы жағдайының (ластануының) мониторингі	516	млн. теңге		
сақтандыру, барлығы	517	млн. теңге		
оның ішінде экологиялық сақтандыру	518	млн. теңге		
тарату қоры	519	млн. теңге		
қазақстандық мамандарды оқыту	520	млн. теңге		
оның ішінде құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту	521	млн. теңге		
ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар	522	млн. теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	523	млн. теңге		

аумақтарды қайтару	524	%		
персоналдың саны	525	адам		
жанама шығыстар, барлығы	526	млн. теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	527	млн. теңге		
салықтар мен төлемдер, барлығы	528	млн. теңге		
оның ішінде: корпоративтік табыс салығы	529	млн. теңге		
қосымша құн салығы	530	млн. теңге		
бонустар	531	млн. теңге		
оның ішінде: қол қойылатын	532	млн. теңге		
коммерциялық табылым	533	млн. теңге		
пайдалы қазбаларды өндіру салығы	534	млн. теңге		
		мың тонна		
бұрын жасалған өнімді бөлу туралы келісімдердегі (келісімшарттардағы) Қазақстан Республикасының үлесі	535	млн. теңге		
		мың тонна		
	536	млн. теңге		
үстеме пайдаға салынатын салық	537	млн. теңге		
әлеуметтік салық	538	млн. теңге		
көлік құралдарына салынатын салық	539	млн. теңге		
кедендік төлемдер	540	млн. теңге		
қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер	541	млн. теңге		
тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер	542	млн. теңге		
оның ішінде геологиялық ақпаратты сатып алғаны үшін жерді, жер қойнауы учаскесін жалға алу	543	млн. теңге		
		га		
басқа салықтар мен төлемдер	544	млн. теңге		
айыппұл мен өсімпұлдар, барлығы	545	млн. теңге		
оның ішінде, салықтық сипаттағы төлемдер	546	млн. теңге		
салықтық емес сипаттағы төлемдер	547	млн. теңге		
келісімшарттық талаптарды орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін	548	млн. теңге		

Жер қойнауын пайдаланушы - басшы _____

Орын. _____ тел. _____

Қаржы-экономикалық қызметтің басшысы _____

күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Келісімшарттар талаптарын
орындаудың сақталуына мониторинг
жүргізу мен бақылау қағидасына
3-қосымша
Ұсынушы _____

—

Атауы, мекен жайы, телефоны, электрондық поштасы
СТН _____
Сәйкестендіру нөмірі (БСН, ЖСН) _____

№ 3-ЛКТ НЫСАНЫ

**Лицензиялық/келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп
(жерасты суларын және емдік балшықтарды барлау және (немесе)
өндіру)**

**Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі).**

20 ж. _____

Есеп беру объектісінің коды				
Лицензия/келісімшарт нөмірі/берілген/жасалған күні				
Қосымша келісімдер – нөмірі/тіркелген күні				
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі				
Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорынның меншік нысаны				
Инвестор(лар)/ел(дер)				
Іскерлік қатысуы (акцияларының %)				
Келісімшарт аумағы/кенорны, көлемі және с.с.				
Лицензия/Келісімшарттың қолданылу мерзімі				
Қазақстан Республикасы бойынша есепті кезеңдегі орташа бағам 1\$ = _____ теңге				
Баптардың атауы	жолдың шифры	өлшем бірлігі	келісімшарт талабы	жыл басынан бергі нақты істелген жұмыс
А	Б	В	1	2
Қаржылық міндеттемелер (ҚМ)	500	мың теңге		
Инвестициялар, барлығы	501	мың теңге		

оның ішінде тікелей шетелдік инвестициялар	502	мың теңге		
күрделі шығындар, барлығы	503	мың теңге		
оның ішінде: ғимараттар, құрылыстар,	504	мың теңге		
жайластыру, машиналарды қайта құру	505	мың теңге		
құрал-жабдыктар	506	мың теңге		
көлік құралдары	507	мың теңге		
тазарту құрылғыларына/қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар, барлығы	508	мың теңге		
Геологиялық барлау шығындары, барлығы	509	мың теңге		
оның ішінде: бұрғылау жұмыстары	300	мың теңге		
		қ у м а м		
		ұңғыма		
тау-кен жұмыстары	301	мың теңге		
		қ у м а м		
тәжірибелік-сүзу жұмыстары	302	мың теңге		
режимдік бақылаулар	303	\$мың		
бақылау ұңғымаларының жалпы саны	304	ұңғыма		
оның ішінде бақыланатындары	305	ұңғыма		
өлшеулер саны	306	сынама		
лабораториялық зерттеулер	307	мың теңге		
басқа да жұмыстар мен шығындар	308	мың теңге		
өндіру шығындары, барлығы	510	мың теңге		
о н ы ң і ш і н д е эксплуатациялық бұрғылау	309	мың теңге		
басқа жұмыстар (оңалту, ұңғымаларды ағымдағы жөндеу және с.с.)	310	мың теңге		
жерасты суларын өндіру көлемі, барлығы	511	мың текше м		
оның ішінде шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету	311	мың текше м		
өнеркәсіптік-техникалық	312	мың текше м		
жер суару	313	мың текше м		
емдік, фармацевтикалық	314	мың текше м		
жылу энергетикалық	315	мың текше м		

өнеркәсіптік	316	мың текше м		
тасымалдау кезіндегі ысырап	317	мың текше м		
Пайдаланусыз лықсыма	318	мың текше м		
емдік балшықтарды өндіру көлемі	319	текше м		
өткізу көлемі	512	мың теңге		
		мың текше м		
оның ішінде экспортқа	513	мың теңге		
		мың теңге		
технологияларды сатып алу	514	мың теңге		
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту	515	мың теңге		
жер қойнауы жағдайының (ласталуының) мониторингі	516	мың теңге		
сақтандыру, барлығы	517	мың теңге		
оның ішінде экологиялық сақтандыру	518	мың теңге		
тарату қоры	519	мың теңге		
қазақстандық мамандарды оқыту	520	мың теңге		
оның ішінде құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту	521	мың теңге		
ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар	522	мың теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	523	мың теңге		
аумақтарды қайтару	524	%		
персоналдың саны	525	адам		
жанама шығыстар, барлығы	526	мың теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	527	мың теңге		
салықтар мен төлемдер, барлығы	528	мың теңге		
оның ішінде: корпоративтік табыс салығы	529	мың теңге		
қосымша құн салығы	530	мың теңге		
бонустар	531	мың теңге		
оның ішінде: қол қойылатын	532	мың теңге		
коммерциялық табылым	533	мың теңге		
пайдалы қазбаларды өндіру салығы	534	мың теңге		
		мың тонна		

бұрын жасалған өнімді бөлу туралы келісімдердегі (келісімшарттардағы) Қазақстан Республикасының үлесі	535	мың теңге		
		мың тонна		
үстеме пайдаға салынатын салық	536	мың теңге		
әлеуметтік салық	537	мың теңге		
көлік құралдарына салынатын салық	538	мың теңге		
кедендік төлемдер	539	мың теңге		
қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер	540	мың теңге		
тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер	541	мың теңге		
оның ішінде геологиялық ақпаратты сатып алғаны үшін	542	мың теңге		
жерді, жер қойнауы учаскесін жалға алу	543	мың теңге		
		га		
басқа салықтар мен төлемдер	544	мың теңге		
айыппұл мен өсімпұлдар, барлығы	545	мың теңге		
оның ішінде, салықтық сипаттағы төлемдер	546	мың теңге		
салықтық емес сипаттағы төлемдер	547	мың теңге		
келісімшарттық талаптарды орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін	548	мың теңге		

Жер қойнауын пайдаланушы - басшы _____

Орын. _____ тел. _____

Қаржы-экономикалық қызметтің басшысы _____

күні 20__ жылғы " __ " _____

Келісімшарттар талаптарын

орындаудың сақталуына мониторинг

жүргізу мен бақылау қағидасына

4-қосымша

Ұсынушы _____

—

Атауы, мекен жайы, телефоны, электрондық поштасы

СТН _____

Сәйкестендіру нөмірі (БСН, ЖСН) _____

№ 4-ЛКТ НЫСАНЫ

Лицензиялық/келісімшарттық талаптардың орындалуы туралы есеп

(барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану)

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.04.2013 № 405 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20 ____ ж. _____

Есеп беру объектісінің коды				
Келісімшарт нөмірі/жасалған күні				
Қосымша келісімдер – нөмірі/тіркелген күні				
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияның түрі				
Жер қойнауын пайдаланушы кәсіпорынның меншік нысаны				
Инвестор(лар)/ел(дер)				
Іскерлік қатысуы (акцияларының %)				
Келісімшарт аумағы/кенорны, көлемі және с.с.				
Келісімшарттың қолданылу мерзімі				
Қазақстан Республикасы бойынша есепті кезеңдегі орташа бағам 1\$ = ____ теңге				
Баптардың атауы	жолдың шифры	өлшем бірлігі	келісімшарт талабы	жыл басынан бергі нақты істелгені
А	Б	В	1	2
Қаржылық міндеттемелер (ҚМ)	500	мың теңге		
Инвестициялар, барлығы	501	мың теңге		
оның ішінде тікелей шетелдік инвестициялар	502	мың теңге		
күрделі шығындар, барлығы	503	мың теңге		
оның ішінде: ғимараттар, құрылыстар,	504	мың теңге		
жайластыру, машиналарды қайта құру	505	мың теңге		
құрал-жабдықтар	506	мың теңге		
көлік құралдары	507	мың теңге		
тазарту құрылғыларына/қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығындар, барлығы	508	мың теңге		
құрылыстарды салу және/немесе пайдалануға беру	400	мың теңге		
оның ішінде: тау-кен жұмыстары	401	мың теңге		
бұрғылау жұмыстары	402	мың теңге		

гидрогеологиялық	403	мың теңге		
инженерлік-геологиялық	404	мың теңге		
лабораториялық жұмыстар	405	мың теңге		
жалпыцехтық шығыстар	406	мың теңге		
басқа шығындар	407	мың теңге		
пайдаланудың басы	408	жыл		
құрылыстың түрі	409	атауы		
тереңдігі	410	м		
ені	411	м		
ұзындығы	412	м		
көлемі	413	текше м		
сыйымдылықтардың саны	414	дана		
грунтты қазып алу көлемі	415	мың текше м		
қалдықтарды (ағындарды және с.с.) көму көлемі	416	мың тонна		
		текше м		
көмілетін қалдықтардың (ағындардың және с.с.) құрамы	417	кұрамы		
полигонның жылдық өнімділігі	418	мың тонна		
опырылымға бөгет тұрғызатын грунттың шығысы	419	текше м		
тазарту құрылғыларының саны	420	дана		
тазартылған ағын сулардың көлемі	421	текше м		
ұралар саны (радиоактивті заттарға арналған)	422	дана		
қауіптілік класы	423	кл. нөмірі		
айдау ұңғымаларының саны	424	ұңғыма		
байқау ұңғымаларының саны	425	ұңғыма		
айдау көлемі	426	млн.м ³		
алу көлемі	427	млн.м ³		
айдау қысымы	428	млн.м ³		
технологияларды сатып алу	514	мың теңге		
өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту	515	мың теңге		
жер қойнауы жағдайының (ласталуының) мониторингі	516	мың теңге		
сақтандыру, барлығы	517	мың теңге		
оның ішінде экологиялық сақтандыру	518	мың теңге		
тарату қоры	519	мың теңге		
қазақстандық мамандарды оқыту	520	мың теңге		

оның ішінде құзыретті органмен келісілген мамандықтар тізбесі бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын оқыту	521	мың теңге		
ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар	522	мың теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	523	мың теңге		
аумақтарды қайтару	524	%		
персоналдың саны	525	адам		
жанама шығыстар, барлығы	526	мың теңге		
оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында	527	мың теңге		
салықтар мен төлемдер, барлығы	528	мың теңге		
оның ішінде: корпоративтік табыс салығы	529	мың теңге		
қосымша құн салығы	530	мың теңге		
бонустар	531	мың теңге		
оның ішінде: қол қойылатын	532	мың теңге		
пайдалы қазбаларды өндіру салығы	533	мың теңге		
		мың тонна		
үстеме пайдаға салынатын салық	534	мың теңге		
әлеуметтік салық	535	мың теңге		
көлік құралдарына салынатын салық	536	мың теңге		
кедендік төлемдер	537	мың теңге		
қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер	538	мың теңге		
тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер	539	мың теңге		
оның ішінде геологиялық ақпаратты сатып алғаны үшін	540	мың теңге		
жерді, жер қойнауы учаскесін жалға алу	541	мың теңге		
		га		
басқа салықтар мен төлемдер	542	мың теңге		
айыппұл мен өсімпұлдар, барлығы	543	мың теңге		
оның ішінде, салықтық сипаттағы төлемдер	544	мың теңге		
салықтық емес сипаттағы төлемдер	545	мың теңге		
келісімшарттық талаптарды орындамағаны, тиісінше орындамағаны үшін	546	мың теңге		

Жер қойнауын пайдаланушы - басшы _____

Орын. _____ тел. _____

Қаржы-экономикалық қызметтің басшысы _____

күні 20__ жылғы " __ " _____

тауарлық-материалдық қорлар	229								
еңбекке және қызмет көрсетуге ақы төлеу	230								
өндіріске, көлікке, сақтауға арналған объектілер	231								
басқа шығындар	232								
эксплуатациялық шығындар	233								
оның ішінде: пайдалану және қызмет көрсету	234								
жою	235								
жер қойнауы жағдайының (ластануының) мониторингі	236								
қызмет көрсетуге жұмсалған шығындар мен шығыстар	237								
басқа шығындар	238								
жалпы және әкімшілік шығындары	239								
оның ішінде: кеңселерді ұстау (негізгі және далалық)	240								
техникалық қызмет көрсету және байланыс	241								
барлау кезеңіндегі әкімшілік шығыстары	242								
игеру кезеңіндегі әкімшілік шығыстары	243								
басқа шығыстар	244								
басқа өтелетін шығындар	245								
оның ішінде: коммерциялық табылым бонусы	246								
өндіру бонусы	247								
басқа өтелетін салықтар мен төлемдер	248								
әлеуметтік саланы дамыту	249								
табиғат қорғау жөніндегі іс-шаралар	250								
оқу шығындары	251								

Қазақстан Республикасының өнімдерін өткізу шығындары	252								
басқа өтелетін шығыстар	253								
Өтеуге жатпайтын шығындар бойынша есеп (млн. теңге)									
Қайтарылмайтын шығындар, барлығы	254								
оның ішінде: конкурса қатысу жарнасы	255								
геологиялық ақпарат	256								
еселенген шығындар	257								
қоршаған ортаны ластағаны үшін төленген үстеме лимиттер	258								
мердігердің өнімін өткізу	259								
ревизиялар, аудит	260								
өнімді бөлу туралы келісім шарттарының орындалмауы	261								
жолдамалар, экскурсиялар, саяхаттар	262								
кредит (заем) үшін берілген сыйақылар	263								
авариялардан шеккен зияндар (Мердігердің кінәсінен)	264								
ерікті сақтандыру	265								
сот шығындары	266								
айыппұлдар мен өсімдер	267								
қызметкерлердің жеке тұтынуы	268								
өнімді бөлу туралы келісім бойынша біржолғы тіркелген төлемдер	269								
салықтар және міндетті төлемдер	270								
өнімді бөлу туралы келісіммен байланысты емес шығындар	271								

Өтемдік және пайдалы өнім бойынша есеп

Баптардың атауы	жолдың шифры	өлшем бірліктері	тоқсан ішіндегі факт	ж ы л ішіндегі факт	и геру басталғаннан бергі факт	Ө Б К шарттары
1	2	3	4	5	6	
жалпы табыс	272	млн. теңге				
ішкі рентабельділік нормасы	273	%				
таза қолма-қол ақша ағыны	274	млн. теңге				
өнімді бөлу нүктесіндегі өткізу бағасы	275	млн. теңге/ тонна				
өнімді өткізу пунктіндегі сату бағасы (қосылған құн салығынсыз)	276	млн. теңге/ тонна				
өнім өткізудің үлестік шығындары	277	млн. теңге/ тонна				
өтемдік өнім, барлығы	278	млн. теңге				
		мың тонна				
пайдалы өнім, барлығы	279	млн. теңге				
о ны ң і ш і н д е : Қазақстан Республикасының үлесі	280	%				
		млн. теңге				
		мың тонна				
мердігердің үлесі	281	%				
		млн. теңге				
		мың тонна				

Жер қойнауын пайдаланушы - басшы _____

Орын. _____ тел. _____

Қаржы-экономикалық қызметтің басшысы _____

күні 20__ жылғы " __ " _____